12-дәріс

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Шынайы әлем, мәдениет және тіл

Дәрістің мақсаты: оқырман қарапайым анкета толтыруда, ұғымдарды лексикалық тұрғыдан нақтылауда және түс атауларының әлеуметтік-мәдени мағына айырмашылықтарынан мәдениетаралық түсінбестіктер болуынан нақты мысалдар ести алады.

Дәрістің басты терминдері: коннотаттық мағына, сигникаттық мағына, денотаттық мағына.

- Коннотаттық мағына – сөздің зат пен құбылысты эмоционалды, экпрессивті, поэтикалық түрде атаған ауыспалы мағынасы.
- Сигникаттық мағына – сөздің зат пен құбылысты ұғымдық жағын атаған дерексіз мағынасы.
- Денотаттық мағына – сөздің зат пен құбылысты тура атаған заттық мағынасы.

1. Қарапайым анкета толтырудағы мәдениеттер шиеленісі

Профессор Тер-Минасова өз кітабында қарапайым сауалнама, ұшып келу парағын тол-тыру, тіпті жүкке тағылатын парақшаға дейін мәдениет өзгешеліктерін аңғартып тұратынын айтады. Мысалы, әкесінің аты деген ұғым ағылшын тілінде жоқ. Бланкіде first name – аты, last name – тегі деп көрсету қалыптасқан. Бізде алдымен кісінің тегі, сонан соң аты жазылады.

Nationality сөзі ұлтты емес, азаматтықты, яғни ресми түрде қай елдің азаматы екеніңізді білдіреді. Мысалы, Қазақстанда тұратын украин, татар, түрік, орыстар мұнда Russian деп жазулары керек. Ағылшынтілді әлем сіздің шыққан тегіңізді, ұлтыңызды білуге мүдделі емес, оларға сіздің азаматтығыңызды білу жеткілікті. 70 жылдары шегарадағы тексерісте ағылшындар Georgian, Armenian деген сөздерді сызып тастап, орнына Russian деп жазғанда осы ұлт өкілдерінің қатты наразылықтарын туғызған.

Сондай-ақ мекенжай сөзінде де бір кілтипан бар. Мысалы, сауалнамада мекенжайды толтырған соң қаласы, елі деген тармақтар қайта шығады. Мекенжай ағылшында көше, үй нөмірін, пәтер нөмірін білдіреді, алдымен жеке мәлімет беріледі. Мекенжайды өзімізше толтырсақ, ел мен қаланы бірінші көрсетеміз.

2. Ұғымдарды лексикалық тұрғыдан нақтылау

Ағылшын тіліндегі «дәмсіз» ұғымы not good (жақсы емес) деген тіркес арқылы бейнеленеді. Bad (жаман) монолексемасы қолданылмайды екен. Заманауи ағылшын қоғамындағы мәдени-этикалық талап ас туралы жағымсыз сөз айттырмайды, сондықтан бұл ұғым лексикалық тұрғыдан жетілмей қалған. Ғалым қараған материалдардың ешқайсысында дәмсіз деген ұғымды білдіретін сөз жоқ.

«Бай» – «кедей». Шығармалар «бай» ұғымын білдіретін сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездесетінін көрсетті. A rich man (бай адам), to be rich (бай болу), a man of large fortune (ауқатты адам), a man with fortune (ауқатты адам), to make a tolerable fortune (байлыққа кенелу), to give fortune (байлығын беру), splendid property (асып-тасқан байлық), in easy circumstances (жағдайы жаман емес), to have a comfortable income (жақсы табысы бар), to have money (ақшалы болу), to get money (ақшасы болу), to save money (ақша жинау), to be well-off (ауқатты болу) және т.б.

3. Түр-түс атауларының әлеуметтік-мәдени аспектісі

Түріктер әр түске бір бағыт мағынасын сыйғызған. Мысалы, орталықтың түсі қызғылт сары, шығыстың түсі жасыл немесе көк, оңтүстіктің түсі қызыл, солтүстіктің түсін қара деп белгілеген. Бұл түстер сонымен қатар суық пен ыстықты да білдіреді. Қара түс солтүстікті,

сонымен бірге суықты да білдіреді. Ал қызыл оттың түсі болғандықтан оңтүстікті атайды да, ыстықты да білдіреді. Бұрындары шамандық түсінікте, жер асты Құдайын «Erlik» деп атаған. Барлық пәлекеттің қуаңшылықтың аурудың бастауы болғандықтан оны қара түске балаған.

Қазақ мәдениетінде түс мағынасына қатысты мына ерекшелікті атауға болады. Ол – қоңыр түстің ұлттық реңкі туралы. Қоңыр түс бұл қазақтың сар даласымен үндесетін, қазақтың қоңыр домбырасының үнімен теңесетін, ерекше бір нейтралды, байсалды, салқынқанды, салмақты түс.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Қазақ тілінде алдымен кісінің тегі, сонан соң аты жазылу кеңестік дәуірдегі әдеби норма болып табылды, оғанға дейін алдымен кісінің аты, сосын тегі көрсетілетін, осы нормаға көшудің басты себебін ойланып көріңіз.
2. Қазақ тіліндегі тамақтың дәміне қатысты барлық бағалауыштық сөздерді жазып не айтып көріңіз. Қиындық келтірсе, «Қазақ әдеби тілінің сөздігін» пайдаланыңыз. Байқағаныңыз туралы танысыңызбен бөлісіңіз.
3. Бай мен кедей ұғымын беретін барлық сөздерді жинаңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Шетелге шығардағы анкета толтыруда қандай қиындықтарға тап боласыз?
2. Түрік тіліндегі түс атауларының мағыналары қандай?
3. Қазақ тіліндегі қоңыр сөзінде нендей коннотаттық, сигникаттық мағыналар бар?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Тер-Минасова С.Г., Язык и межкультурная коммуникация. – Москва, «Издательство Московского Университета», 2004 г.
2. Тіл, мәдениет, Коммуникация-1. – А:Елтаным, 2013. – 264 б.
3. Садохин А.Г., Введение в теорию межкультурной коммуникации. – Москва, «Высшая школа», 2004 г.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2007–2011 ж.
5. tp://helpiks.org/1-52972.html.
6. philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/download/.../159.
7. repository.enu.kz:8080/.../data/.../TUR-TUS-ATAULARY.p.
8. http://www.rusnauka.com/11_NPE_2014/Philologia/7_166275.doc.htm.